

1-бөлім ТАРИХ



Раздел 1 ИСТОРИЯ

А.А. Арзықұлов

ҚЫТАЙДАҒЫ ОРЫС ДІНИ МИССИЯСЫ ЖӘНЕ МИССИОНЕРЛІК ҚЫЗМЕТ

Орыс православие шіркеуінің тарихы қазіргі уақытта қоғамның, тарихшылардың және дін ілімін зерттеушілердің назарын өзіне аударып отыр. Қазіргі тарих ғылымында дін мен шіркеу туралы жаңа түсініктердің қалыптасып және орнығуы, бұрын жетекші болып келген қарапайым тұжырымдар мен әрқилы стереотиптерден бас тарту жүріп жатыр. Баспасөз беттерінде діннің әлеуметтік статусының қалыптасқан және әдеттегі бағасы жөнінде таластар көбейіп, дін мен шіркеудің тарихтағы, қоғамдық өмірдегі, рухани мәдениет жүйесіндегі орны туралы, сондай-ақ оның халықтардың ұлттық санасының дамуындағы, жалпыадамзаттық құндылықтарды қорғаудағы орны жөнінде де кең пікірталастар барынша қанат жаюда.

Зерттеулердің дербес және нәтижелі бағыттарының бірі Орыс православие шіркеуінің миссионерлік қызметін зерделеу болып отыр, оның көптеген беттері кеңестік тарих ғылымында сөз болмаған еді. Миссиялар үкіметтің ішкі және сыртқы саяси міндеттеріне сәйкес қызмет етті. Миссионерлік қызмет мемлекеттің айрықша бақылауында болды, мемлекеттік саясат дәрежесіне көтерілді, онымен Ресей мүдделері сәйкестендірілді. Миссия әрекетінің үкімет тарапынан реттелуі, олардың мемлекеттік қаржыландырылуы мен қолдауы христиандандырудың әдеттегі сипаты еді.

Орыс православие миссиялары жанқиярлықпен әлемнің көптеген жерлерінде қызмет етті: Иерусалимде (1847), Урмияда (Персия, 1898), Жапонияда (1871) және Сеулде (Корея, 1897). Өзінің ашылуы жағынан ең алғашқысы болған Қытайдағы Орыс діни миссиясын зерттеу аса қызығушылық туғызады. Ол XVIII-XX ғасырдың басы аралығында қызмет жасады. Бұл шетелдегі бірегей орыс мекемесі болды, ол тек Қытайда тек Орыс православие шіркеуі ғана

емес, сонымен бірге орыс мемлекетінің де өкілеттілігін білдірді. Миссия орыс-қытай қатынастарының орнауында маңызды рөл атқарып, Қытайды ғылыми зерттеудің орталығы, алғашқы орыс қытайтанушыларын дайындайтын мектеп болды. Пекин миссиясының ерекшелігі, сонымен қатар оның тарихы мен ғылымға қосқан үлесінің бірқатар ғылыми жарияланымдарда көрсетілуінде. Діни миссияның қызметі тарихи әдебиетте әртүрлі бағаланады: оның үлкен жетістігін мойындаудан бастап оның нәтижелерінің мардымсыз екендігін дәлелдеуге дейін. Бағалаулардың біркелкі болмауы православие дінінің өзге әлемдік діндермен әрекеттесуінің күрделі үдерісінен, Орыс православие шіркеуінің миссионерлік тәжірибесінің католик және протестанттық миссионерліктен өзгешелігінен туындады. Азаматтық және шіркеулік тарих өзара тығыз байланысқан. Шіркеу тарихын зерттеу тарих ғылымының қазіргі заманғы талаптарына сай болуы тиіс.

Бұл жерде басты назар Пекиндегі Орыс діни миссиясының жаңа кезеңдегі орыс-қытай қатынастарындағы рөліне, оның Ресей мен Қытай мемлекеттеріндегі сыртқы саяси және мемлекетаралық жүйелеріндегі орнына аударылады. Өз қызметінің шамалы көлеміне қарамастан, Православиелік миссия Қытайда тек ресми діни сипаты бойынша ғана емес, сонымен бірге орыс миссионерлерінің ішінде көбінесе кәсіби болмаса да қабілетті дипломаттардың, сондай-ақ ірі ғалым-шығыстанушылардың болуының арқасында орнығып қалды. Осы себептердің арқасында орыс православиелік миссионерлері Цин империясының сарай төрелері арасында да, қарапайым тұрғындар арасында да елеулі беделге ие болды. Прагматизмге жақын Қытай қоғамында қандай да бір сыртқы діни форманың кең етек жая қоюы өте күрделі үдеріс, сондай болса

да орыс православие Шіркеуінің қытайлықтар арасында православие дінін уағыздауға талпыныстары ерекше болды.

Пекин діни миссиясының қызметін қарастыру барысында төмендегі бірқатар мәселелерді қарастырған жөн:

а) Орыс діни миссиясының өмір сүруінің құқықтық негіздерін және оның қызметінің ұйымдастырушылық принциптерін қарастыру;

б) діни миссияның миссионерлік қызметін, Қытайдың христиандалу мүмкіндігін және осыған сәйкес православие таратудың әдісін, сипаты мен тәсілдерін сараптау;

в) Орыс діни миссиясының Ресейдің Қытайдағы дипломатиялық өкілдігі ретіндегі қызметін зерттеу;

г) миссионерлердің Қытайды және онымен көрші елдерді зерттеудегі үлесін, миссияның мәдени-ағартушылық жұмысын көрсету;

д) миссия басшыларының Пекин діни миссиясы тарихындағы орнын және олардың екі мемлекет арасындағы дипломатиялық және мәдени қатынастарының дамуындағы рөлін айқындау.

Сібір мен Қиыр Шығысты алғашқы орыс ашушылары 1665 жылы шекаралық Албазин бекінісін тұрғызды. Албазин казактары жергілікті халықтан ясақ-алым жинап, оны Нерчинск арқылы Мәскеуге жіберіп отырды.

Орыс қоныстанушыларының Амурдың сол жағалауына орналасқаны көп кешікпей-ақ манчжурлық Цин империясының билеушісіне мәлім болды. Бірден орыстарды Амур жағалауынан қуып шығуға шаралар жасалына бастады. Император Кансидің бұйрығымен манчжурлар 1685 жылы Албазинді басып алды. Оның тұрғындарын тұтқындап Пекинге алып кетті. Тұтқындалғандардың ішінде священник Максим Леонтьев те болды. Ол 1712 жылы Петр I бұйрығымен ресми түрде Қытайдағы Орыс діни Миссиясы ашылғанға дейін дінбасы қызметін атқарды. Император Кансидің рұқсатымен Пекиннің солтүстік-шығыс бөлігіндегі ламаистік ғибадатхана орыс тұтқындары үшін қайта жөнделді, ал орыстар болса әскери сословиендегі қытайлық бодандықты қабылдады. Кішкентай шіркеу Қасиетті және Керемет жасаушы Николайдың құрметіне атады. Сол кезден бастап қасиетті Николай Аспанасты еліндегі барлық православие дінін ұстанушылардың құрметіне бөленді.

Миссияның тарихы өнегелік болды: ғасырлар бойы қытай және манчжурлармен араласып кеткен албазин казактарының ұрпақтары арасында православиелік сенімді сақтап қана қоймай, сонымен бірге дипломатия және ғылымда үлкен із қалдырды. Солардың арқасында ресей-

лік шығыстанудың негізі қаланды, олардың нәтижелі еңбектерінің нәтижесінде Ресей мен Қытай бірде-бір рет соғыспады. Миссияның алғашқы архиерейі болып 1721 жылы Иннокентий (Иркутский) әкей тағайындалды. Бірақ ол Кяхтаға келгенімен шекарадан өте алмады. Қытай сарайында ықпалы бар католик миссионерлерінің белгілі православие епископының мұнда келуін қаламағаны анық болды. Солардың айтуымен митрополит Иннокентийдің Қытайға келуіне император рұқсат бермеді. Кейіннен Иннокентий әкей Иркутскідегі Вознесенск ғибадатханасында миссионерлік мектеп ашып, мұнда моңғол және қытай тілдерін үйренуге үлкен маңыз берілді.

Миссионерлік ылғи да Орыс Православие Шіркеуі қызметінің бағыттарының бірі болды. Және де орыс православие діндарларының Қытайға айрықша қызығушылығы туындады. Православие дінін уағыздау 1685 жылдан 1917 жылдар аралығында жақсы жүргенмен де, бұл аралықта афтокефальды Қытай православие Шіркеуін құруға қол жеткізілмеді.

Осы тақырыпқа қатысты материалдар Қытайдағы Орыс православиелік миссиясының қызметін төмендегідей кезеңдерге бөлуге жол береді:

I кезең (1713-1808) Пекинге тұрақты миссионерлер жіберу туралы келісімге (Кяхта келісімі, 1727) қол жеткізген уақыттан бастап миссия құрамын жасақтау және оның саяси-дипломатиялық және ғылыми міндеттерін белгілеу уақыты. Миссионерлер қытай және манчжур тілдерін білетіндіктерін пайдаланып, Қытайды ғылыми зерттеуді бастайды. 1745 жылы Пекинге ресей сауда керуендерін кіргізбеу миссионерлерден Цин империясының ішкі саяси жағдайы туралы шұғыл ақпараттарды алуды белсендендірді.

II кезеңде (1808-1864) миссияның басты функциялары толығымен айқындалды: православиелік қауымдағы жұмыс; білікті аудармашы мамандар дайындау; Цин сарайындағы тұрақты дипломатиялық өкілдік. Осы уақытта миссияда тәрбиеленген және қалыптасқан шығыстанушы мамандардың негізінде орыс қытайтанушының берік негізі қаланды және оның көрнекті өкілдері пайда болды.

III кезең (1864-1917) 1858 жылдан бастап бүкіл Қытайдың территориясында православиелік миссионерлік қызметке рұқсат етілгендігімен, ал 1864 жылы миссиядан дипломатиялық міндеткерліктер алынып, оның Синодтың қарамағына өтуімен сипатталады. Бұрынғысынша миссия үкіметке қажетті маман аудармашылар, сарапшылар, дипломатиялық қызметкерлер дайындауын жалғастыра берді. Елді ғылыми

зерттеу де токтатылмады. Бұл кезеңді екі сатыға бөлуге болады: 1864-1898 және 1898-1917. Бірінші сатыда жаңа жағдайларға байланысты қасиетті және құдайға құлшылық кітаптарын аудару жұмысы жандандырылды, дінге кіргендер саны өсті. Екіншісі владыка Иннокентийдің (Фигуровский) Пекин миссиясын қайта құру мен ихэтуандар көтерілісінен (1900) кейін қайта қалпына келтіру қызметімен байланысты. Бұл миссияның ең гүлденген және игіліктенген кезеңі болды. Православиелік миссионерлер Қазан төңкерісін (1917 ж.) қабылдай алмады. 1921 жыл Пекин миссиясы Орыс шетелдік шіркеуінің құрамына өтті.

V кезең Миссияның Қытай Республикасы және Қытай Халық Республикасы құрамындағы қызметінен тұрады. Бұл кезеңде миссионерлік қызмет кейінгі орынға қойылып, басты жұмыс орыс эмигранттарына қамқорлық көрсетуге бағытталды.

Православиенің Қытайдың діни кешеніндегі жағдайының сөзсіз тұрақтылығын атап өтуге болады. Миссионерлік жұмысты өзінің болуымен атқаратын шіркеу миссиясын православиелік түсіну, орыс миссионерлерінің керенаулық тактикасын айқындады. Дегенмен бұл қасиет католик шіркеуінің қатал ұйымдық құрылымы мен оның қызметіндегі айқын байқалған отаршылдыққа қарағанда қытайлықтардың алдында артықшылық болды.

Өз қызметінің ұзақ уақытында (XVIII ғасырдан бастап) Пекин діни миссиясы Ресей мен Қытай арасындағы саяси, ғылыми, мәдени және діни байланыстардың дамуына үлкен үлес қосты. Қытайлықтарды христиандандыру талпыныстары рухани құндылықтарды өзара алмасу үдерісінің бастауы болды, бұл өз кезегінде Орыс православие шіркеуінің миссионерлік тәжірибесін объективті өзгертуге әкелді.

Ресей миссионерлерінің уағыз саласындағы жұмысы XIX ғасырдың 60-жылдарынан жандана түсті, бұған Қытайдың бүкіл территориясында діни насихаттауды жүргізуге жол беретін халықаралық келісімдердің тиісті баптары әсерін тигізді. Ресейдің сыртқы саяси және шіркеулік орындарының шектеулеріне қарамастан, Діни миссия мүшелері миссионерлік қызметтің әртүрлі құрылымдарын дамыту бойынша қызметтерін арттыра түсті: Цин империясының көптеген аудандарында православиелік храмдар мен миссионерлік орталықтар пайда болды; православиелік білім беруді ұйымдастыру бойынша жұмыстар кеңейтілді; уағыз жүргізу (қытай тілінде) және жергілікті тұрғындардан жаңа дінге кірушілерді дайындауға айрықша көңіл бөлінді, бұған қытайлықтардан шыққан священниктер арнайы тар-

тылды. Діни миссия мүшелерінің рухани-ождандық жұмысының айрықша түрі Қытайдағы Ресей азаматтарының діни мұқтаждықтарын өтеу болды. Ерекше атап өтетін оқиға, ихэтуандар көтерілісінен (1898-1900) кейін, 18-Миссияның басшысын епископ тағайындау және Қытай территориясында тиісті алғашқы православиелік епархияның құрылуы еді.

Бұл Пекин діни миссиясына, біріншіден, Цин империясының аумағында қызмет ететін басқа батыстық христиандық миссиялар деңгейіне біраз жақындауға мүмкіндік берді, ал екіншіден, бұл тұрғылықты халық арасында миссионерлік жұмысты жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашты.

Осылайша, Ресей Діни Миссиясы сыртқы саяси аренадағы тікелей қызметтен кеткеннен кейін ғана өзінің ең жоғарғы статусына қол жеткізді.

Пекин Діни Миссиясы ресейлік қытайтанудың пайда болу және қалыптасу орнына, сондай-ақ ірі орыс ғалым-шығыстанушылары қалыптасқан мектепке айналды. Миссия мүшелерінің ғылыми қызметіне Цин империясының негізгі этникалық топтарының (қытай, маньчжур, моңғол, тибет) тілін, Шығыс және Орталық Азияның әртүрлі халықтарының дәстүрлері мен салттарын зерттеу, шығыс тілдеріндегі әртүрлі әдебиетпен танысу (ең алдымен, жазу мәдениетінің тарихи, діни ескерткіштерін зерттеу), осы орасан үлкен шығыс азиялық елдің географиялық, этнографиялық және басқа да ерекшеліктерімен таныс болу жатты. Осы өте үлкен ғылыми жұмысты атқарудың нәтижелері орыс шығыстануының, ең алдымен синологиясының іргетасы болды. Орыс миссионерлері жасаған еңбектердің басым бөлігі тек бір Қытайға ғана арналмаған, сонымен бірге көрші елдерге, әсіресе Орталық Азияға қатысы бар. Осының арқасында Ресей Діни Миссиясы Тибетті зерттеудің негізін қалады, ғалым-миссионерлердің арасынан тұңғыш ресейлік маньчжуртанушылар мен моңғолтанушылар шықты.

1. Архангелов С.А. Православная миссия в Китае// Архангелов С.А. Наши зарубежные миссии. СПб., 1899. 3-37 б.
2. Коростовец И. Русская духовная миссия в Пекине. СПб., 1998. 84-12 б.
3. Православие на Дальнем Востоке: 275-летие Российской духовной миссии в Китае. СПб., 1993.
4. История Российской духовной миссии в Китае: Сборник статей. М., 1997.
5. Дионисий (Поздняев), священник. Православие в Китае (1900-1997). Изд. Св. Владимирского Братства, М, 1998. 30-34 б.
6. Шубина А.В. Деятельность Российской духовной миссии по распространению православия в Китае// Актуальные проблемы естественных и гуманитарных

наук: Исторические науки. Тезисы юбилейной конференции. Ярославль, 1995. 41-44 б.

В данной статье автор рассматривает роль и значение Русской духовной миссии в Пекине. Внимание уделяется на миссионерскую, научную и

дипломатическую деятельность данной миссии.

In this article author consider the role and meaning of Russian spiritual mission in Beijing. Attention is given to missionary, scientific and diplomatic activities of this mission.

Ж.Е. Ашинова

ЖАПОНИЯ ЖӘНЕ ҚЫТАЙДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮДДЕЛЕРІ

Жаңа ғасырда Орталық Азияның халықаралық саясатта алатын орны күннен күнге өсуде. Ол ірі державалардың бәсекелестігі мен мүдделерінің қақтығысуының аймағына айналып отыр. Орталық Азияның жалпы геосаяси жағдайы халықаралық аренада ірі және аймақтық державалардың қайшылығының өсуінен, сондай-ақ Орталық Азиядағы табиғи ресурстар үшін жетекші елдердің геосаяси күресімен айқындалады.

Қарастырылып отырған аймақтың орталығында мемлекетіміз - Қазақстан орналасқан. Аймақтағы жағдайды талдай келе, мемлекетіміздің елбасшысы Н.А.Назарбаев былай атап өткен болатын: «Кейінгі 500 жылдан бері еліміз тәуелсіздігін алғалы алғашқы рет біздің аймақ әлемдік экономикада экономикалық маңызы бар елге айналды. Біз өзіміздің транзиттік мүмкіндіктерімізді күшейту үстіндеміз, әлемдік нарыққа мұнай, газ, руда және ауылшаруашылық өнімдері сияқты құнды тауарларды жеткізіп жатырмыз. Ежелгі «Жібек Жолының» бағытымен салынып жатқан ХХІ ғасырдың жаңа мұнай-газ құбырлары, авто және темір жолдары көрінуде... Қазір біздің алдымызда таңдау түр: әлемдік экономикада мәңгі шикізат көзі болып қала беру және келесі империяның келуін күту немесе Орталық Азия аймағының маңызды интеграциясына бару» [1].

Бүгінгі күні Жапония мен Қытайдың сыртқы экономикалық бағытында бұл аймаққа үлкен көңіл бөлініп отыр. Жапония мен Қытайдың шикізат ресурстарына қажеттіліктері күннен күнге өсуіне байланысты олар Орталық Азияда орналасқан республикаларға үлкен қызығушылық танытып жатыр. ХХІ ғасырдың басынан бері Жапония мен Қытайдың мүдделері Орталық Азия аймағында да түйісе бастады. Міне, сондықтан да екі алпауыт мемлекеттің Орталық Азиядағы экономикалық және саяси мүдделері және оларды салыстыру өзекті тақырып болып табылады. Бұл мақалада Жапония мен Қытайдың аталған аймақтағы, оның ішінде, әсіресе Қазақстандағы мүдделеріне ерекше көңіл бөлініп, салыстырмалы талдау жасалынады.

Жапония мен Қытайдың Орталық Азияға қатысты саясатында ұқсас ортақ жері белгілі, олар үшін Орталық Азияның Азия Тынық мұхит аймағының «проекциясына» айналуы өте маңызды болып табылады. Олар Азия Тынық мұхиты аймағын (АТА) кеңейтуді Орталық Азия елдерін тарту арқылы жүзеге асырмақ. Яғни, бұл аймақ АТА үшін табиғи резерв ретінде қабылданады. Бұл жаңа серіктестер, жаңа шикізат көздерін, аймақтық дамудың жаңа резервтерін иеленуге байланысты болып табылады. Азия Тынықмұхит аймағының кеңейту саясатын жүргізу үшін халықаралық ұйымдар, әсіресе, Азиялық даму банкі қолданылуда. Қытай белсенді түрде ШЫҰ арқылы жүзеге асырылып жатқан «энергетикалық клуб» және «еркін сауда аймағы» жобаларын пайдалануда [2, 343].

1990 жылдың ортасы мен аяғында Қытайдың Орталық Азияға қатысты саясатында жаңа тенденциялар байқалды. Тұрақтандыру саясатынан интеграциялық саясатқа өту элементтері пайда болды. Қытай сарапшыларының айтуы бойынша, аймақтағы Қытай саясаты былай сипатталды: «...Пекиннің орталық азиялық стратегиясы ұзақ ізденістер мен дайындықтар нәтижесінде айқындалды. ШЫҰ негізделе отырып, ол аймақтағы проблемаларды шешуге қатысуға, оның елдері арасында қатынастарды жақсартуға, тұрақтылық пен гүлденуге, сонымен қатар, Орталық Азиядағы ресурстарды игеруге бағытталған стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталады» [3, 164-165].

Жапонияны Орталық Азиядағы Қытайдың белсенділігі мен батысқа жылжуы мазалайды. Қытай экономикасының өсуі тұрақты дамуды қамтамасыз ететін табиғи ресурстарды қажет етеді, арзан ресурстар көршілес Орталық Азия елдерінде, евразиялық континенттің ішінде орналасқан, ал Жапония үшін осының бәрі қол жеткізуі қиын болғандықтан алаңдаушылықты тудырады. ШЫҰ – Шығыстағы жаңа күш орталығының құрылуы мен оның қызметі Жапония үшін Қытайдың жоғары көтерілуімен тең, өйткені жақын болашақта оның маңында